

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҰСҚАУЛЫҚ

ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ






01.04.2021

дата

№ 26

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрлігінің «Күләш
Байсейітова атындағы дарынды
балаларға арналған РММОМИ»
РММ директоры
Абдрашев Б.Т.
«01» 04 2021 ж.

АУЛА ТАЗАЛАУШЫ

Әзірлеген:			
Шаруашылық қызмет меңгерушісі		Айкынбаева Н.С.	
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	
Кадр жөніндегі инспектор		Касенова Р.С.	
Зангер		Болсамбеков Н.А.	
Лауазымы	Қолы	ТАӨ	Күні

Лауазымдық нұсқаулық	Аулашы	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		6-дан 1 бет

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ	3
3.	ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАР	4
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	4
6.	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	5
7.	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексінің негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) аула тазалаушысының лауазымдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Аула тазалаушы техникалық орындаушылар санатына жатады және шаруашылық қызмет меңгерушісінің келісімі бойынша мектеп-интернат директорының бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.

4. Аула тазалаушы өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
- 2) шаруашылық қызмет меңгерушісінің нұсқаулары мен өкімдерін;
- 3) осы лауазымдық нұсқаулықты.

5. Аула тазалаушы жұмыста болмаған жағдайда (еңбек демалысы, сырқаттануы және т.б.) оның міндеттерін өкімдік құжатымен тағайындалатын жұмыскер атқарады, ол тиісті құқықтарды иеленеді және өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және дер кезінде орындауға жауапты болады.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Аула тазалаушы білімі мен жұмыс өтіліне талап қойылмай, жұмысқа қабылданады.

2. Аула тазалаушы төмендегілерді білуге міндетті:

1) санитария, абаттандыру, ғимараттардың сыртқы көрінісін, аумақты күтіп-ұстау және қоғамдық тәртіпті күзету жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды;

2) жинап-тазалау жұмыстары бойынша технологиялық ұсынымдар мен нұсқаулықтарды;

3) жұмыста қолданылатын қызмет көрсетуші құрал-жабдықтарды және аспаптарды пайдалану қағидаларын;

4) мұз тайғаққа қарсы материалдарды пайдалану қағидаларын;

5) жинап-тазалау жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін;

6)) ішкі еңбек тәртіптемесінің қағидаларын;

7) еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларын;

8) өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігін.

Лауазымдық нұсқаулық	Аулашы	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		6-дан 3 бет

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Аула тазалаушы төмендегі лауазымдық міндеттерді атқарады:

1. Мектеп аумағын, жолдарын, тротуарларын, мектеп жанындағы және кіреберіс алаңдарды, арықтарды қоқыстан, жапырақтардан, қардан және мұздан тазартады;
2. Қоқыс жәшіктерін уақтылы тазартуды және олар орнатылған жерлерді тиісті санитарлық күйде ұстауды қадағалайды;
3. Ағаштар мен гүлді өсімдіктер отырғызу, сынып бөлмелерін қараңғылататын ағаштар бұтақтарын кесу, қураған ағаштар мен бұталарды кесу және тамырымен алып тастау жұмыстарымен айналысады;
4. Жасыл екпелерді күтіп қарайды, олардың сақталуын қамтамасыз етеді, Мектеп аумағында иттерді шығаруға тыйым салады;
5. Судың ағуы үшін арықтар мен жылғалар қазып, оларды тазартады;
6. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдай туралы, қызмет көрсететін аумақта орын алған әрбір жазатайым оқиға туралы өзінің басшысын хабардар етеді;
7. Жұмыс аймағын қарап тексереді (барлық құдықтар қақпақтарымен жабық болуы, траншеялар мен шұңқырлар қоршалған болуы тиіс);
8. Белгіленген тәртіпте мерзімдік медициналық қарап тексеруден өтеді;
9. Газдың иісі шыққан немесе құбыр жарылған (кәріз, сумен жабдықтау, жылыту және басқа да құбырлар) кезде өз басшысына хабарлайды;
10. Каникул кезеңінде Мектеп ғимаратын жөндеуге қатысады.

4. ҚҰҚЫҚТАР

Аула тазалаушының мынадай құқықтары бар:

- 1) басшылықтың өз қызметіне қатысты бұйрықтарымен және өкімдерімен танысуға;
- 2) өз жұмысын жетілдіру бойынша шараларды ұсынуға;
- 3) мектеп басшылығынан өз құқықтары мен міндеттерін сақтауды, орындайтын жұмысында қолдау көрсетуді талап етуге.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Аула тазалаушы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексында белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

- 1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;
- 2) қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординацияны сақтамағаны үшін;
- 3) берілген тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындамағаны үшін;

Лауазымдық нұсқаулық	Аулашы	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		6-дан 4 бет

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру процессінде жасалған құқық бұзушылықтары үшін;

2. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]